«8D01503 - География» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Амангелди Озеркенің «Жалпы білім беретін мектептерде географияны оқытуда географиялық мәдениетті қалыптастырудың педагогикалық әдістері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); **3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).**	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында (2007 жылғы 27 шілде, №319-III, 2014 жылғы 18 ақпандағы өзгерістер мен толықтыруларымен) ұлттық білім беру жүйесінің басты мақсаты жан-жақты дамыған, азаматтық жауапкершілігі жоғары, мәдени өзін-өзі тануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру екендігі айқындалған. Аталған талаптар жалпы білім беру мазмұнында оқушылардың мәдени дамуын, соның ішінде географиялық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын айқындайды. Сондай-ақ Қазақстандағы «Адал азамат» тұжырымдамасында (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы) білім беру үдерісінде экологиялық санасы қалыптасқан, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін тұлғаны тәрбиелеу басым бағыт ретінде белгіленген. Осыған сәйкес, диссертациялық зерттеу мазмұны мен алынған ғылыми нәтижелер жалпы білім беретін мектептерде география пәнін оқыту аясында географиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған оқу бағдарламаларын іске асыру аясында орындалған.

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Жұмыс педагогика саласында еліміздің ғылымына елеулі үлес қосқан, жалпы білім беретін мектептерде география пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық әдістері мен ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындауға бағытталған зерттеу болып табылады, сондықтан ол білім беру стандарты талаптарын іске асыруға және оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға үлес қосады деп санаймын.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Өзі жазу деңгейі: жоғары. Диссертация нәтижелері бойынша диссертанттың 11 ғылыми жұмысы жарияланған. Оның ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесінде 3 мақала, Scopus базасына енетін 1 мақаласы бар.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертацияның өзектілігі негізделген. Жұмыста жалпы білім беретін мектептерде география пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыру мәселесі қазіргі білім беру талаптары мен қазіргі білім беру жүйесі тұрғысынан қарастырылған.
		1) негізделген;	
		2) жартылай негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертация мәтінінде келтірілген, талданған мәселелер диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		1) айқындайды;	
		2) жартылай айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді. Жұмыстың атқарылатын міндеттері ретімен жасалынған.

		келеді:	
		1) сәйкес келеді;	
		2) жартылай сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрлысы логикалық толық байланысқан. Диссертация 3 тараудан тұрады, бір-бірімен логикалық жалғасы бар, бөлімдері жүйелі түрде бөлімшілерге бөлінген.
		1) толық байланысқан;	
		2) жартылай байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған педагогикалық әдістер мен элективті курстардың тиімділігі Алматы қаласындағы №81 мектеп-гимназия, №23 мектеп-гимназия КММ және №93 жалпы білім беретін мектеп КММ базасында жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижелері арқылы дәлелденген. Зерттеу барысында география пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған әдістемелік тәсілдер апробацияланып, олардың білім сапасын арттырудағы нәтижелілігі анықталған.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау жартылай жүргізілген;	
		3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Автор бұрынғы зерттеулер мен деректерге сүйене отырып, қазіргі заманауи педагогикалық тәсілдер мен технологиялар мүмкіндіктерін пайдалану арқылы география пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыру мәселесін
		1) толығымен жаңа;	
		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	кешенді түрде қарастырып, ұсынылған педагогикалық әдістер жүйесі негізінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?	Диссертацияның қорытындысы толығымен жаңа болып табылады. География пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған авторлық педагогикалық әдістеме әзірленіп, екі элективті курс арқылы жүзеге асырылған. Ұсынылған әдістеменің тиімділігі куәліктермен және оқу бағдарламасына енгізу туралы актілермен расталған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	
		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	География пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған авторлық педагогикалық әдістер мен екі элективті курс жалпы білім беретін мектептер жағдайында қолдануға бейімделген. Ұсынылған әдістемелік шешімдердің тиімділігі әртүрлі типтегі мектептерде апробациядан өтіп, олардың білім беру үдерісінде қолдануға жарамдылығы негізделген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	
		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Диссертацияның негізгі қорытындылары зерттеу нәтижесінің логикалық шешімдері болып табылады. Олардың растығы күмән тудырмайды. Себебі олар заманауи зерттеу әдістерін пайдаланып орындалған. Қорытындылар диссертацияда қойылған мәселелерге сәйкес келеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	Қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылған: Автордың зерттеуінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған педагогикалық технологияларды
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	

		1) дәлелденді;	қолдану география пәнін оқыту барысында оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді тетігі екені ғылыми тұрғыда дәлелдеген. Зерттеу нәтижелері география сабақтарында географиялық мәдениеттің құрылымдық және мазмұндық моделін мақсатты түрде құру білім сапасын арттыруға және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал ететінін көрсетілген. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жасанды интеллект элементтері, ғылыми-зерттеу және далалық әдістер, пікірталас тәсілдерін қолдану оқушылардың географиялық-кеңістіктік ойлауын және экологиялық жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік беретінін негізделген. Зерттеу барысында қолданылған педагогикалық әдістер мен әдістемелік материалдарды жалпы білім беретін мектептердің оқу үдерісіне енгізуге, сондай-ақ мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болатыны көрсетілген. 7.1 Тұжырымдар дәлелденді ме?-дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма?- жоқ; 7.3 Жаңа ма?- ия; 7.4 Қолдану деңгейі- орташа; 7.5 Мақалада дәлелденген бе?- ия;
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Ия, негізделген.

		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Иә, зерттеу жұмысында деректерді жинау, өңдеу және интерпретациялау кезеңдерінде компьютерлік технологиялар, цифрлық білім беру ресурстары, электрондық карталар, онлайн-платформалар және статистикалық талдау құралдары пайдаланылды. Эксперименттік деректер диаграммалар, кестелер және салыстырмалы талдау арқылы өңделіп, алынған нәтижелердің сенімділігі мен көрнекілігі қамтамасыз етілген.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Олардың саны 188. Ішінде ресми ақпарат ресурстары (сайт), анықтамалар, заманауи мақалалар, интернет ресурстар бар.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Иә, диссертация нәтижелері жалпы білім беретін мектептерде география пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздерін толықтыруға және педагогикалық ғылымда қолдануға мүмкіндік береді.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Иә, зерттеудің практикалық маңызы оның нәтижелерін жалпы білім беретін мектептерде география пәнін оқыту үдерісінде, элективті курстарды құрастыруда және педагогтердің әдістемелік тәжірибесінде тиімді қолдану мүмкіндігімен айқындалады.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	Практикалық ұсыныстар жартылай жаңа болып табылады, себебі зерттеу барысында ұсынылған әдістемелік шешімдер қолданыстағы педагогикалық тәжірибені жетілдіру және толықтыру сипатында көрінеді. Автор әзірлеген кейбір әдістемелік элементтер мен тапсырмалар мазмұны қазіргі білім беру үдерісіне бейімделген, бұл олардың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын айқындайды.
		1) толығымен жаңа;	
		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	
		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары, ғылыми тілмен түсінікті жазылған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

11	Диссертацияға ескертулер		Бірқатар ескертулерді атап өткім келеді: 1) Диссертациялық жұмыста берілген кейбір кестелер мен суреттерге қатысты рәсімдеу бірізділігі толық сақталмаған. Атап айтқанда, жекелеген көрнекі материалдарда олардың автормен құрастырылғаны немесе қай дереккөз негізінде алынғаны туралы мәліметтер нақты көрсетілмеген. 2) Эксперименттік бөлімде бақылаушы және эксперименттік топтардағы оқушылар санының арақатынасы арасында белгілі бір алшақтық байқалады, бұл алынған нәтижелердің салыстырмалы талдауына белгілі бір дәрежеде әсер етуі мүмкін. 3) Зерттеу жүргізілген білім беру ұйымдарында эксперименттің ұзақтығы біркелкі емес: кейбір жағдайда екі оқу жылы қамтылса, жекелеген мектептерде бір оқу жылымен шектелген, бұл нәтижелердің тұрақтылығы мен бірізділігін бағалауда қосымша негіздеуді талап етеді. 4) Диссертацияда Scopus базасында жарияланған мақала нәтижелері толық көлемде талданып, ашылмаған, көбіне сипаттамалық деңгейде берілген. Сонымен қатар, жарияланымдағы авторлық үлес нақты айқындалмаған (орташа деңгейде көрсетілген). Аталған ескертулер диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығына, теориялық және практикалық маңыздылығына кері әсер етпейді және тек ұсыныс ретінде қарастырылады.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді		Докторанттың ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес келеді және жарияланымдарға қойылатын талаптарға сай орындалған. Зерттеу нәтижелері халықаралық рецензияланатын басылымда (Scopus базасында индекстелген 1 мақала) және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда (3 мақала) жарияланған. Жарияланған мақалаларда зерттеудің негізгі теориялық қағидалары, әдіснамалық тәсілдері мен эмпирикалық нәтижелері көрініс тапқан.

			бұл диссертациялық зерттеудің ғылыми негізділігін, өзектілігін және алынған нәтижелердің жария түрде апробациядан өткенін көрсетеді.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Амангелди Озеркеге **«8D01503 – География»** білім беру бағдарламасы бойынша **философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын**

Ресми рецензент:
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Жаратылыстану институты,
География кафедрасының аға оқытушысы., PhD

Жоя Қайрат

Копия верна
Подпись
Растаймын Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверяю НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба